

жабылар алдында итеріп шығарады, ал шығару клапаны тым ерте ашылады. Соның салдарынан цилиндрден жоғарғы қысымдағы энергиясы толық қолданылып, жұмысқа айналмаған газдар шығып кетеді.

1.2.V- бейнелі қозғалтқыштың газ тарату механизмі

V- бейнелі сегіз цилиндрлі қозғалтқышта жоғары орналасқан клапандар механизмі қолданылады. Мұндай қозғалтқыштың таратқыш білігі цилиндр қаңқасының ортасынада төмен орналасады, цилиндрлердің оң және сол жағының қатарына орнатылған клапандар механизміне бірдей болып есептеледі. Бағыттауыш төлкеде 10 қозғалып тұрған жіберу мен шығару клапандарының 9 ашылуы, жұдырықшалардан 6, 7, итергіш 19 пен штанга 18 арқылы, оське 13 орнатылған күйентеге 14 берілген күш әсерімен жүргізіледі. Клапандардың жабылуы төменгі жағы шайбаға 11 тіреліп тұрған серіппенің 12 көмегімен жүзеге асырылады.. Айналару механизмі бар шығару клапандарының серіппелері осы механизмнің тірек шайбасына 17 тіреледі. Екі клапандардың серіппелерінің жоғарғы жағы тірек тарелкаға 20 бекітіледі. Иінді біліктің екі айналысында әрбір цилиндрдің енгізу мен шығару клапандары бір ретке ашылады, ал таратқыш білік бұл мезгілде бір ретке ғана айналады. Өйткені, таратқыш білік иінді білікке қарағанда екі есе ақырын айналады. Сондықтан таратқыш біліктің тісті дөңгелегі 1 иінді біліктің жетекші тістегерішіне қарағанда екі есе артық тістері бар.